

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 421 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 тамызда № 5999 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 133 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 09.02.2024 № 133 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңының 17 бабына сәйкес ШЕШТІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 23.09.2022 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қаражал қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, қалалық мәслихаттың хатшысы

З. Оспанова

Қаражал қалалық
мәслихатының

2020 жылғы 29 шілдесі

№ 421

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидалар негізінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына уәкілетті орган әлеуметтік көмекті жүзеге асырады.

1. Жалпы ережелер

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі—уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) атаулы күндер – жалпыхалықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия – өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – мөлшері бойынша Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ұлытау облысы бойынша департаменті есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

8) өмірдегі қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

9) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.12.2020 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай және заттай нысанда Бөліммен көрсетілетін көмек түсініледі.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 23.09.2022 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Әлеуметтік көмек келесі атаулы күндер мен мерекелерде бір уақытта көрсетіледі:

1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні - Ауғанстан Республикасының аумағында ұрыс қимылдары кезеңінде қатысқан тұлғаларға;

2) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні – "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға;

төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, оның ішінде кәмелетке толған соң орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқитын балалар, оқу орындарын бітіргенге дейін (бірақ олар жиырма үш жасына жеткенге дейін);

3) 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні – 1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына;

4) 9 мамыр – Жеңіс күні – Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, еңбек ардагерлеріне;

5) 6 шілде – Астана күні – 16 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға;

Қаражал қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға;

6) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – 1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

әлеуметтік маңызы бар аурулары бар азаматтарға (онкологиялық аурулармен ауыратындар және туберкулездің әртүрлі нысандарымен ауыратындар);

7) 1 қазан – Қарттар күні – 70 және одан жоғары жастағы адамдарға;

8) 25 қазан - Республика күні - бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдаға және жеті жасқа дейінгі, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға;

9) 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған, саяси қуғын-сүргін құрбаны мәртебесін алған ақталған азаматтарға.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 23.09.2022 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстың жергілікті атқарушы органы бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

9. Азаматтарды өмірлік қиын жағдайдағы тұлғалардың санатына жатқызу үшін түпкілікті негіздемелердің тізбесі мыналар болып табылады:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босау, пробация қызметінің есебінде тұру;

2) жетімдік;

3) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

Туберкулез ауруымен және қатерлі ісікпен ауыратын адамдарға стационарлық емдеуден кейін әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді;

4) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

5) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі.

Әлеуметтік көмек азаматқа (отбасына) өмірлік қиын жағдай туындаған сәттен бастап алты ай ішінде табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан оларға не

олардың мүлкіне зиян келтірген жағдайда - тұрғын үй (тұрғын үй құрылысы) меншік иелерінің біріне табыстарды қоспағанда 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдайға тап болған жағдайда мұқтаждар қатарына жатқызу үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;
- 2) ең төменгі күнкөріс деңгейінің 0,6 еселенген мөлшерінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 23.09.2022 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері кірісті ескере отырып 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерін құрайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтар әлеуметтік көмекке бір ай мерзімде жүгіне алады.

12. Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді орган бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

13. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органының келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібі

15. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент әкіміне мынадай құжаттармен қоса өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;
- 3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын акт және/немесе құжат.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Алынып тасталды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекті жеке шотқа аудару үшін, өтініш беруші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымынан немесе екінші деңгейдегі банктен ашылған жеке шотын ұсынады.

19. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

20. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бектілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент әкіміне жібереді.

Кент әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

22. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

24. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

25. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 21 және 22 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету, не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

27. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған жағдайларда жүзеге асырылады;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

28. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

29. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

30. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

31. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды бөлім "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
Қаражал қаласының мұқтаж
азаматтарының жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына
1-қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
Қаражал қаласының мұқтаж
азаматтарының жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына
2-қосымша

Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
Қаражал қаласының мұқтаж
азаматтарының жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына
3-қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.04.2023 № 17 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қаражал қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 29 шілдесі
№ 421
шешіміне 2 қосымша

Қаражал қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2593 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 26 сәуірдегі № 18 (690) "Қазыналы өңір" газетінде, 2014 жылы 11 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі.

2. Қаражал қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы XXXIX сессиясының №420 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3752 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 7 мамырда № 20 (799) "Қазыналы өңір" газетінде жариялаған) шешімі.

3. Қаражал қалалық мәслихатының 2016 жылғы 11 мамырдағы II сессиясының №19 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы

XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3840 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 11 маусымда № 25 (804) "Қазыналы өңір" газетінде, 2016 жылғы 17 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялаған) шешімі.

4. Қаражал қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 шілдедегі IV сессиясының №38 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3940 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 27 тамызда № 36 (815) "Қазыналы өңір" газетінде, 2016 жылғы 2 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялаған) шешімі.

5. Қаражал қалалық мәслихатының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі XVI сессиясының №147 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4404 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жариялаған) шешімі.

6. Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 10 ақпандағы XXXXIII сессиясының №363 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5705 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 19 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жариялаған) шешімі.

7. Қаражал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 мамырдағы XXXXVI сессиясының №390 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының №216 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Қаражал қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы"

шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5839 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 15 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жариялаған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК